


“Жұлдызды сағат”

ОЙЫНЫ

Мақсаты: Ойынды өткізу арқылы оқушыларға географиядан алған білімдерін қаншалықты деңгейде меңгергенін анықтау және логикалық ойлауға, дарындылыққа баулу.

- 
- 1. Бәйге*
 - 2. Қызықты төрттік*
 - 3. Кім жылдам*
 - 4. Логикалық сұрақтар*
 - 5. Семантикалық карта*



БІРІНШІ КЕЗЕҢ «БӘЙГЕ»

кезеңін бастайық.

1. Оқушыларға география сабағынан 9сыныпта өткен тақырыптардан қарапайым сұрақтар қойылады, әр сауалға жауаптың төрт нұсқасы ұсынылады.
2. Қатысушы дұрыс жауап берген әр сұраққа 5 ұпай иеленеді.
3. Жауапқа он бес секунд уақыт беріледі, одан кейінгі жауаптар қабылданбайды.



ҚЫЗЫҚТЫ ТӨРТТІК

Бұл кезеңде оқушыларға төрт ұяшық беріледі. Әр ұяшықта 20,30,40,50 ұпайлы сұрақтар жасырылған. Оқушы таңдаған сұраққа жауап бере алмаса қарсыластары жауап беріп ұпайды өз қоржынына ала алады.

5
0

4
0

3
0

2
0

Климат

5
0

4
0

3
0

2
0

**Тәуелсіз
Қазақстан**

5
0

4
0

3
0

2
0

Өзен

5
0

4
0

3
0

2
0

Жер бедері

Климат 20

Қазақстан аумағындағы
ең суық ай?

Қаңтар



Климат

30

Қазақстан климатына қандай ауа массалары әсер етеді?

Арктикалық, Қоңыржай, Тропиктік



Климат 40

Қазақстанның оңтүстігінде қар
жамылғысының қалыңдығы
қанша?

10-15 см



Климат

50

Қазақстан аумағында жауын-шашын
мөлшері 1600мм жауатын жер?

Кіші Үлбі өзенінің жоғарғы ағысы



Тәуелсіз Қазақстан 20

Республикамызда Конституция қай жылы қабылданды?

1995 жыл 30 тамыз



Тәуелсіз Қазақстан 30

Қазақстан БҰҰ-на қай жылы мүше болды?

1992 жылы 2 наурызда



Тәуелсіз қазақстан 40

Республикамызда қанша ұлт пен ұлыс өкілдері тұрады?

131 ұлт пен ұлыс



Тәуелсіз Қазақстан 50

Қазақстан Республикасының
Президенті Н.Ә.Назарбаевтың
жарлығына сәйкес қай жылы
Алматыдан астанамыз Ақмолаға
көшірілді?

1997 жыл



Өзен 20

Қазақстанда ірілі-ұсақты қанша өзен
бар?

85 мың



Өзен 30

Өзеннің ағып шығатын жері



Өзен 40

Ертіс, Есіл, Тобыл өзендері қандай алапқа жатады?

Солтүстік Мұзды Мұхит алабына



Өзен 50

Ертіс өзеннің Қазақстан
аумағындағы ұзындығы қанша?

1700 км



Жер бедері 20

Республика жер бедерінің
ең биік нүктесін ата?

Хантәңірі (6695 м)



Жер бедері 30

Сарыарқаның ең биік шыңы?

Ақсоран (1565 м)



Жер бедері 40

Қазақстан жеріндегі биік таулар
қай бөлігінде орналасқан

Шығысы мен оңтүстік-шығысында



Жер бедері 50

Жер қойнауының даму
кезеңінде қанша эра бар және
оларды ата?

5 эра. Архей, Протерозой,
Палеозой, Мезозой, Кайназой



III кезең - Кім жылдам?

Бұл кезеңде әр оқушыға әріптер беріледі. Сол әріптер ішінде географиялық объектілер бар. Соны анықтау керек.

1. чта рабия лер вунілдцф дрейкксчэб жерортахшья
2. йебшбралтарцюскандинавияьфтайфундарал
3. мвацунами дыяанхельфчамзонкаврпконгозх
4. Чьягольфстримкасқызылтсфямексикацубайкая
5. Авбломинысыртқыжфиецджаналунячюьоэнвс
6. Топецвахьлдқысымбюсяжуаншзхцыіңәдіэнеұз
7. Глпрасуқұоигуасуфычғсалаодбитсыргылуэьюй
8. панеүгиқырымцербьяжтаузонджитюыцунамиэщ

IV кезең - Логикалық сұрақтар

- ◆ Әр оқушыға бір сұрақтан беріледі. Бұл сұраққа ойланып дұрыс жауап беру керек. Егер дұрыс жауап берсең 10 бал аласың

1. Республикамыздағы жер бедерінің ең төменгі нүктесі еліміздің батысындағы Маңғыстау түбіндегі Қарақия ойысы, ал биік нүктесі хан Тәңірі шыңына сәйкес келеді.

- ◆ Сұрақ: Қазақстандағы ең биік және ең төменгі нүктелердің айырмасы қанша?

2. Бұл тау Ақмола облысында орналасқан қырат. Орташа биіктігі 300-500м. Бұл жер туралы Сәкен Сейфуллин поэма жазды. Бұл жерде Қазақстанның ірі демалыс орны бар.

- ◆ Сұрақ: Осы жерді ата?

3. Бұл теңіз Еуразия мен Африка аралығында, литафералық тақталардың түйісу аймағында орналасқан. Мұнда дүниежүзілік мұхиттағы ең жоғарғы тұздылық байқалады.

- ◆ Сұрақ: Бұл қай теңіз?

4. Әбден мүжіліп, үгілген өте көне таулы өлке. Мұнда миллиондаған жылдар бойы жел мен жаңбыр, ыстық пен аяз, қар мен ағын су өзінің әрекетін жүргізген. Қазіргі кезде таудың тек негізгі ғана сақталып қалған. Мұнда жартасты басы сүйір және жіңішке келген қырқаралар мен үйілген қорым тас сияқты формалар кездеседі. Тіпті оқшауланып қалған тасты пирамидалар да байқалады.
- ◆ Сұрақ: Бұл қандай өлке?

5. Бұл қорық 1968 жылы құрылған. Көлінде мыңдаған қоқиқаздар ұя салады. Көктем кезінде көптеген су құстары жиналады.

- ◆ Сұрақ: Бұл қай қорық?

6. Бұл кен орнын 1948жылы ұшқыш М.Сургутанов ашты. Ұшақ кен үстінен ұшқанда, темір аномалиясының әсерінен тұсбағар тілінің кенет ауытқығаны ұшқыштың көңілін аударды. Көп ұзамай, өте сирек кездесетін темір кені ашылды.

- ◆ Сұрақ: Бұл қай кен орны?

Ү кезең – Семантикалық картамен жұмыс

<i>Нысандар</i>	<i>мұхит</i>	<i>теңіз</i>	<i>шығанақ</i>	<i>бұғаз</i>	<i>Түбек</i>	<i>арал</i>
Парсы						
Мозамбик						
Кіші Азия						
Отты жер						
Үнді						
Саргасс						
Мексика						
Шри-ланка						